



Автор: МУБАРАКОВА НУРГУЛЬ АЛЕКСАНДРОВНА

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Бізді қоршаған әлем

Тақырып: Ауа райы деген не?

Ауа райы деген не?	<p>Ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау. Жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау. Барлық оқушылар: Ауа райының құбылыстарын, шартты белгілерін білу. Көптеген оқушылар: ауа-райының адамға әсерін түсіну, іс-әрекетіне ықпалын түсіну. Кейбір оқушылар: жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақыттарын тиімді жоспарлау .</p> <p>Бағалау критерийі • Ауа-райы құбылыстарының шартты белгілерін біледі. • Ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне тигізетін әсерін анықтай алады; • Жылдың әр мезгіліне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтап айта алады;</p> <p>Тілдік мақсат Пәнге тән лексика мен терминология: Ауа райы, климат, жыл мезгілдері, шартты белгілер Талқылауға арналған сұрақтар • Қазір қай мезгіл? • Ауа райы қандай? • Ауа райының құбылыстарын білесіңдер ме?</p> <p>Құндылықтарды дарыту «Мәңгілік Ел» құндылықтарын жүзеге асыру: ынтымақтастық, құрмет сабақ барысында іс жүзіне асырылады</p> <p>Пәнаралық байланыс Жаратылыстану, сауат ашу</p>
--------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Ауа райы деген не</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу. -Бүгінгі ауа райы қандай? -Бүгінгі көңіл-күйлерің қандай? -Ендеше, балалар барлығымыз ортаға шеңберге тұрып,мына өлең жолын айтайық! - Қуанамын менде,(өзін көрсетеді) - Қуанасың сен де, (көршісін көрсетеді) - Қуанайық достарым, (қолдарынан ұстайды) - Арайлап атқан күнге (қолдарын көтереді) «Стикер» әдісі Оқушылар (қыс, көктем, жаз, күз)жыл мезгілдері жазылған түрлі -түсті қағаз арқылы, топқа бөлінеді. -Осы топ атауы туралы не айтуға болады? (алдыңғы білімін пысықтау) Мақсаты: бастапқы білімін тексеру. (Балалар топта талқылап, білгендерін айтады) Қыс, көктем, жаз, күз бір сөзбенқалай айтуға болады? -Жыл мезгілдері дейміз. Дағды: жыл мезгілінеқатысты ауа-райын құбылыстарын салыстыру, болжау,сипаттау дағдысықалыптасады. ҚБ: Мадақтау. «Жарайсың», «Керемет» (Ұж) Сабақтыңтақырыбын ашу үшін оқушыларға бейне фильм көрсету . - Балаларфильмнен не көрдіңдер? -Не туралы болды? Неліктен теледидардан, радионемесе телефонға смс арқылы күн сайын алдағы күннің ауа райынхабарлайды?(жауаптары тыңдалады). -Сонымен , бүгінгі сабағымыздыңтақырыбы қандай екен? (Оқушылар сабақтың тақырыбын айтады). №1.Топпен жұмыс. Ойлан-жұптас- бөліс. Әр топ өз жыл мезгілдері жайлыжәне адамдардың еңбегі жайлы әңгімелеу Топпен талқылап, қорғауМақсаты: Ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау .Дағды: салыстыру, болжау, сыни ойлау. ҚБ: «Басбармақ» арқылы бағалау№2.Жж. «Кім дұрыс киім таңдайды?» ойыны. Мақсаты: әр жыл мезгілінетән ауа райының өзгеріп тұратынын түсінеді . Шарты: оқушылар берілгенсурет бойынша жыл мезгілдеріне тән киім таңдайды. Дағды: бірлесіпжұмыс жасай білу және сыни ойлау дағдысы қалыптасады. ҚБ: «смайлик»арқылы жұп бір -бірін бағалайды. /Ұ/. Барлық бала ұйықтайды. (барлығыпартада ұйықтайды) Таң атты (барлығы оянады) Жаңбыр жауды (саусақтармен тырсылдатады) Найзағай соқты (аяқтармен тарсылдатады)Қатты, қатты жел соқты, гу-гу, Жапырақтар қол соқты, ду-ду. Жел соқты,гу-гу, Жаңбыр басылды, Күн ашылды. №3_Өзің тұратын елді мекеннің ауарайын сипатта. Шартты белгілерді қолдан. Бақылау уақыты Бұлтты ЖелЖауын-шашын Күн Таңертең Түсте Мақсаты: ауа райы құбылыстарыныңшартты белгілерін ажырату Дағды: Ізденушілік, байқампаздық қасиеті,шартты белгілерді бір-бірінен ажырату. Дескриптор. -жыл мезгіліне тән шартты белгілерді біледі. -кестеге тиісті белгілерді қоя алады. ҚБ: «бағдаршам» әдісімен өзін- өзі бағалау -Балалар бүгінгі сабақ ұнады ма? -Несімен ұнады? -Сабақтың мақсатына жету үшін қандай тапсырмалар орындадық? Кері байланыс 2 мин Толық түсінгендер «күннің» белгісін, түсінбегендер «жаңбыр» белгісін көрсетеді.</p>	<p>https://imektep.kz/kz/game#quiz-1095 https://imektep.kz/kz/aua-rayi</p> 
--------------------------	--	---